

Семей мемлекеттік медицина университеті

# СӨЖ

Тақырыбы: Балалар сал ауруы кезінде жасалатын  
массаж.

Орындаған: Ховдабай С .

Тексерген: Шарапиева А.М

2018ж

# Жоспар

- ▶ 1. Кіріспе
- ▶ 2. Негізгі бөлім
  - ▶ Балалар массажы
  - ▶ Балаларға массаж жасаудың басты ережелері
  - ▶ Массаждың жасау түрлері
  - ▶ Балалардағы сал ауруы
- ▶ Қорытынды
- ▶ Пайдаланған әдебиеттер

# Кіріспе

Балалар массажы бұл жаңа туған 1 жасқа дейінгі сәби үшін де, жалпы балалар үшін өте қажет екені даусыз. Жағымды көңіл-күй, тыныштандыру мен балаларда жиі кездесетін іш кебуді басатын массаждар бөбегіңізге әрине қуаныш сыйлары хақ. Баланы жайлап сылап-сыйпау психологиялық тұрғыдан тыныштандыра отырып, белсенділігін де арттыра түседі.

Дегенмен балаларға жасалатын массаж үлкендер массажаына қарағанда әлдеқайда күрделі және аса ұқыптылық пен ептілікті қажет етеді. Алдымен баланың арқасы тегіс тиіп тұратындай қатты түзу төсек немесе арнайы үстел керек. Негізінде 1 жасқа дейінгі бөбек үшін күнделікті массаж жасап тұру өте тиімді. Себебі ол бала денесінің дұрыс дамып, жетілуін қамтамасыз етеді және түрлі ішек жолдарының бітелу, кебу сияқты кіші гірім бала мазасын алатын аурулардың алдын алады. Алғашқы массажды сәби дүниеге келгеннен соң 5-6 апта кейін бастап жасауға болады.

- ▶ Мамандардың айтуынша, массаж арқылы баланың физиологиялық жағдайының жақсаруғанын оның салмақ қосуымен анықтауға болады екен. Массаж жасаудың түрлері үлкендердікінен еш айырмашылық жоқ, яғни сылап сыйпау, уқалау, созғылау және дірілдету арқылы жасалады. Жүйке ауруларымен ауыратын балалар үшін тек дәрігердің тағайындауымен ғана орындалады.



- ▶ Кейбір жағдайларда, массаждың көмегі орасан зор деп айтуға болады. Тіпті көптеген балалар ауруына ем ретінде массажды жүгініп жатады. Майтабандылық пен жалпақтабандылық, ішектің бұрауы мен бұлшық еттің спазмасында, сондай-ақ омыртқада қозғалыс тірек кезінде ауру туғызатын жағдайларда массаж жасау тағайындалады. Кейбір кездерде 1 жасқа дейінгі балаларда болатын жарықтардың алдын алу үшін массаждың көмегі көптеп тиіп жатады. Омыртқа ауруларын дер кезінде емдемесе, бала дене бітімінің дұрыс емес қалыптасуына әкеліп соғуы әбден мүмкін.

- ▶ Массаж жасау уақыты да дұрыс белгілену керек. Ережеге сәйкес, тамаққа дейін немесе тамақтан кейін жарты сағат аралықта өткізген абзал. Ұйқыға жатар алдында жасау мүлдем қате. Егер де массажды өз бетіңізбен жасауды жөн деп тапсаңыз, массаж үстелін таңдау кезінде ең алдымен мамандармен ақылдасып алыңыз, бұл өзіңізге және балақаныңызға зиян келтіруден сақтайды.



► **Балаларға массаж жасаудың басты ережелері**

- Массаж қозғалысы сыртынан ішіне қарай жасалады.
- Бала тоңып қалмау үшін бөлме іші жылы болу керек.
- Массаж баланы үстелге немесе диванға жатқызу арқылы жасалынады. Үстел тым қатты немесе керісінше тым жұмсақ болмаған дұрыс.
- Баланың ішіне массаж жасау барысында бауыр маңын өте абайлап жасаған дұрыс, жыныстық мүшені уқалауға мүлде болмайды.
- Қолдың қозғалысы жұмсақ әрі нәзік болу керек, артық сілкілеулерден аулақ болған дұрыс. Әсіресе бауыр, бүйрек, омыртқа маңын сақтықпен жасау керек.
- Егер арқаны уақаласаңыз, бүйрек маңын соққылауға болмайды.







## **Балалар массагының негізгі әдістері**

Балалар массагы төмендегі әдістерге бөлінеді: сипау, сылау, уақалау, соққылау, дірілдету, селкілдету.

Қандай массаг түрі болсын алдымен сипаудан басталады. Дене қызған соң уақалай бастау керек.

- Сипау – балалар массагындағы жиі қолданылатын әдіс. Ол қолды жаймен тері үстінде сырғанату деген сөз. Бірақ тері қозғалыссыз болу керек. Бұл келесі амалдарға дайындық ретінде жасалады. Алақан толықтай дененің үстінде болады.
- Сылау – басты массаг әдісі. Ол теріні ұстау, тартқылау, созғылау, сылау болып табылады. Сылау бұлшық ет талшықтарының бағытымен жұмсақ және жәймен орындалады. Барлық қозғалыс аяқталған болу керек. Сылау кезінде бұлшық еттер біркелкі болу керек. Әрбір сылаудан кейін сипалау мен сілкілеу әдісі жасалынады.
- Уақалау – теріні әртүрлі бағытқа тарту, қозғау және созғылау болып табылады. Тері қолмен бірге қозғалады. Бұл әдіс басқасына қарағанда теріге тереңірек әсер етеді.
- Дірілдету мен сілкілеу – бұл әдіс дененің тербелгіш қозғалыстар жасайтын бөліктеріне жасалынады. Ол теріге, жүйкеге және сүйекке өте терең әсер етеді. Дірілдету ояту, қоздыру әрекетін жасаса, сілкілеу тыныштандыратын әрекет жасайды.

Балалар массагы мынандай жүйелілікпен орындалады: арқа, аяқтың артқы беті, кеуде клеткасы, іш, аяқтың алдыңғы үсті.

- ▶ Сал ауру – өту жұқпалы ауру. Бұл, әсіресе , төрт – бес жасқа дейінгі балаларға көбірек жабысады. Мектеп жасындағы балалар да, кейде ересек адамдар да паралич ауруымен ауырады.
- ▶ Сал жайыла келе көптеген балаларды қазаға ұшыратады. Жазылғандардың ішінде де мүгедек болып қалатындарда аз емес. Әңгіме ауруды мезгілінде біліп, тез емдеуде. Ел ішінде сал болып ауырған балаларды «пері соқты» , «жын ұрды» деп жоритындар әлі де болса кездеседі. Бұл мүлде теріс ұғым, ескіліктің зиянды қалдықтарының бірі.

- ▶ Сал ауруының вирусы өте жансебіл келеді. Олар ауыз суларында , азық – түлікте ұзақ өмір сүреді. Вирустың үйдегі суда 100 күнге , ал сүт пен сары майда 90 күнге дейін өлмейтінін ғылым анықтап отыр. Вирус ыстықты сүймейді. Егер вирус түскен суды 50 – 60 градусқа дейін ысытсақ, ол тез қырылады. Ол күн көзін де шыдамайды. Ғалымдар баланың денесіне вирустың екі жолмен енетінін тапты. Бірі – тағам , екіншісі – ауа.



- ▶ Балаларға арналған азық – түліктер таза күтілмесе, сәбіз , қияр , қызанақ (помидор) секілді жеміс – жидектер жеу алдында қайнаған сумен әбден тазаланып жуылмаса , сүт пісірілмей , су қайнатылмай ішкізілсе , вирус баланың асқазанына түседі. Содан кейін ас бойға сіңгенде микробтар қан арқылы жалпы денеге , алдымен нерв тамырларын қуып миға және жұлынға жетеді. Осыдан ми мен жұлын ісініп ауырады. Вирус адамның негізгі тіршілік органдары – ми мен жұлынға жабысқандықтан , оны ерте заманнан – ақ полиомиелит (латынша полио – көп , миелит – жұлын тамырларының ісінуі деген сөз ) деп атайды.

- ▶ Жас балалар ауырған жерлерін айта алмайды. Бірақ ауыра бастағанда – ақ мазасызданады. Қол – аяқтарын немесе басқа мүшелері қозғалған сайын бақырып жылайды, қимылдаудан қашып, кейде дәретке де шықпайды. Осы халде 4 – 5 күн өткен соң бала оңала бастайды. Дене қызуы төмендейді, ұйқысы түзеліп , тамаққа тәбеті тартады. Сөйтіп баланың беті енді бері қарады – ау деп тұрғанда бала ойламаған жерден қолын не аяғын қозғалта алмай қалады немесе отыра алмай, жығыла береді, кейде басын тік ұстай алмайтын болады. Мүнің себебі: қол – аяқты және өзге мүшелерді тізгіндеп , билеп отырған және оларды қозғалтып , жүргізетін денедегі бұлшық еттердің істен қалуы . Өйткені бұлшық еттерді мидан , жұлыннан келетін нервтік тамырлар билейді.

- ▶ Сал ауруда (параличте) сол қозғағыш нервтер орталығы зақымданғандықтан бұлшық еттерді билейтін нерв бұтақшалары да өз міндеттерін атқара алмайды, кейде шала атқарады. Осы нерв бұтақшалары өз қызметінен мүлде немесе шала жансар болып қалса, адамның қол – аяғы тіпті қозғалмай, сал болып қалады, ал жеңіл түрінде аяқ – қол сәл жыбырлап қана қозғалады, оны «парез» дейді.





# Қорытынды

- ▶ Қорта айтсақ **Денсаулық** – баға жетпейтін жалғыз ғана асыл дүние. Ол жақсы болу үшін не уақытты, не күш – жігерді, не еңбекті, тіпті барлық дүниені аямай жұмсау керек. **Денсаулық** үшін өмірдің бір бөлімінде қиюға болады. «**Денсаулық – зор байлық**» дейді қазақ.



# Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- ▶ Негізгі:
- ▶ Илешева Р.Г. Психические болезни. Краткая энциклопедия, Алматы.
- ▶ Н.М.Жариков, Ю.Г.Тюльпин – Психиатрия
- ▶ Илешева Р.Г. Аффективные психозы в позднем возрасте. Алматы, 1981.
- ▶ Қосымша:
- ▶ Руководство по психиатрии ( ред. А.В. Снежневский). Москва, Медицина, 1983.